Ш Е Ш І М
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН

2024 жылғы 5 маусым №4712-24-00-2/1816 іс Ақтау қаласы

Маңғыстау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы А.А.Борашева, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша азаматтық іс қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
"Маңғыстау облысының жұмыспен қамтудыүйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының "№ 1 арнаулы әлеуметтік қызметтеркөрсету орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
жеке кәсіпкер Канатова Дана Болатовна

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 267-1, 267-4 -баптарын басшылыққа ала отырып, сот

Ш Е Ш І М Е Т Т І:

Талап қоюшы "Маңғыстау облысының жұмыспен қамтудыүйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының "№ 1 арнаулы әлеуметтік қызметтеркөрсету орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жауапкер жеке кәсіпкер Канатова Дана Болатовна мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қоюы– қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер Канатова Дана Болатовнаны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер Канатова Дана Болатовнадан мемлекет пайдасына 1 846 (бес мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруге құқылы.

Судья А.А.Борашева

Құжатқа қол қойылған: Борашева А. А., 06.06.2024

Заңды күшіне енген күні: 17.07.2024, судья Борашева А. А., 18.07.2024

«Төрелік» ақпараттық жүйесі
Сот өндірісі
Судопроизводство
Информационная система «Төрелік»

4712-24-3-1/1620